

**Б.Сокпақбаев атындағы жалпы орта мектебінде педагог-
психологтардың 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған алдын алу
жұмыстарының мәліметі**

Қыркүйек айында «Жастан мен жасөспірімдер арасында деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында мектеп ұжымымен, педагогтармен техник-жұмысшылармен психологиялық сабактар Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылық, зорлық-зомбылық, ерте жүктілікті алдын алу мақсатында 8-11 сынып окушылармен психологиялық тренингтер мен түсіндірме жұмыстары, дөңгелек үстел жүргізілді.

Мектеп психологы Л.Калиева Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 8-9 сынып окушыларға «Суицид сақшылары» тақырыбында мектеп ұжымына баяндама оқыды.

Үштік одақтың қатысуымен Мектептегі зорлық-зомбылықтың және каталдықтың алдын алу әдістері жүргізіліп, психологиялық сабак, кеңес беру және жадынамалар таратылды.

Мектеп психологтары профилактикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын 6-11 сынып окушыларына окушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша тренингтер өткізілді. Жас мамандармен психологиялық қолдау мақсатында тренинг өткізілді

Қараша айында Мектеп окушыларына Буллинг және кибербуллинг алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 11 сынып окушыларының ата-аналарымен мұғалімдер және окушыларға ҰБТ өтуде кездесетін киындықтары жайында айтылып, психологиялық кеңестер берілді.

Қаңтар айында Л.Калиева ҰБТ тапсыратын окушылардың өзіне деген сенімділігін, таңдаған мамандықтарына деген қызығушылын анықтау мақсатында 11 сынып окушыларымен «Мен таңдаған кәсібім» эссе алынды. Девиантты мінез- құлықтың себеп факторларын анықтау мақсатында 6-7 сынып окушыларымен Жеткіншек жас кезеңіне арналған психокоррекциялық жаттығулар жүргізді. Ерекше білімді қажет ететін окушылармен «Түстерді ажырату», «Кім жылдам?» ойын жаттығулары жүргізілді.

2 «Г» сынып окушыларымен «Суреттер сөйлейді», «Тілектер ағашы», «Түрлі-түсті ленталар» ойын жаттығулары жүргізілді. 7 «В» сынып окушыларымен «Су үрлеу», «Кемпірқосақ», «Сиқырлы қобдиша» ойын

жаттыгулары жүргізілді. «Суицид сақшылары» тақырыбында ата-аналарға аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында баяндама оқылды.

8-11 сынып оқушыларымен, мұғалімдермен «Өмірдің мәнін табу» тақырыбында баяндама оқылып, психологиялық кеңестер берілді.

Қажеттілігіне қарай оқушыларға жеке, топтық психологиялық кеңестер беріліп отырды.

